



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Ұлттық Банк 2024 жылдың тамыз айы бойынша ақша-кредит саясаты туралы  
баяндама жариялады**

Астана қ.

2024 жыл, 9 қыркүйек

Қазақстан Ұлттық Банкі [«Ақша-кредит саясаты туралы баяндама. Тамыз 2024»](#) құжатын жариялады. Құжатта болжамның алғышарттары, 2026 жылға дейінгі базалық және баламалы сценарийлер бойынша макроэкономикалық даму серпіні ұсынылған.

Сондай-ақ, құжат төлем балансы ағымдағы шотының болжамын, ағымдағы макроэкономикалық жағдайлар мен ақша, валюта және қаржы нарықтарындағы ахуал туралы мәліметтерді қамтиды.

Бұдан бөлек, баяндамаға халықтың ұлттық валютаға деген «сенімінің прокси-индикаторын» бағалау, шетелдік азаматтар тарапынан сұраныстың тұтынушылық сұранысқа әсері, азық-түлік инфляциясына импорт үлесі және мұнай емес фискалдық импульс сияқты тақырыптарға арналған бокстар енгізілген.

Естеріңізге сала кетейік, осы шығарылымнан бастап Ұлттық Банк Ақша-кредит саясаты туралы баяндама аясында орта мерзімді кезеңге арналған ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемесінің траекториясын бағалауды [жариялайтын болады](#). Бұл шара инфляциялық таргеттеу режимі аясында коммуникациялық саясаттың транспаренттілігін, нарық, халық және бизнес үшін қаржылық сенімділікті одан әрі арттыруға бағытталған.

**Толығырақ Ұлттық банктің [интернет-ресурсынан](#) оқыңыз.**

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)